

**"Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысына**  
**толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 114 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., №77-78-79, 588-құжат) мынадай толық тырулар енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "индикаторлары бекітілсін." деген сөздер " индикаторлары;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жекешелендірілетін компаниялардың тізіміне енгізудің түйінді өлшемшарттары (қағидаттары) бекітілсін.";

осы қаулыға қосымшаға сәйкес жекешелендірілетін компаниялардың тізіміне енгізудің түйінді өлшем шарттарымен (қағидаттарымен) толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А.МАМИН

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 15 наурыздағы  
№114 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 30 желтоқсандағы  
№1141 қаулысымен  
бекітілген

**Жекешелендірілетін компаниялардың тізіміне енгізудің түйінді**  
**өлшемшарттары (қағидаттары)**

Жекешелендірілген компаниялар тізіміне енгізуге бастамашылық ету үшін компанияның мына өлшемшарттардың біріне сәйкес келуі негіз болып табылады:

1) компания 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 192-бабының 1-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмейтін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады;

2) компания Кодекстің 24-бабының 3-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;

3) мемлекет заңды тұлға қызметінің маңызды аспектілеріне қатысты стратегиялық шешімдерді қабылдау құқығын бермейтін, бақыланбайтын акциялар пакетін (қатысу үлестерін) иеленеді. Бұл өлшемшарт қызметі ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар объектілерді пайдаланумен және күтіп ұстаумен байланысты заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайды.